

Оңтүстік Торғай иініндегі жанама және табиғи газдарды кешенді пайдалану туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1995 жылғы 26 желтоқсандағы N 1857

Оңтүстік Торғай иініндегі жанама және табиғи газдарды отын-энергетика кешенінде пайдалануды жеделдету және экологиялық қолайсыз аймақтағы халықтың тұрмыс деңгейін жақсарту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігі Геология және жер қойнауын қорғау министрлігімен, Экономика министрлігімен, Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігімен және Қызылорда облысының әкімімен бірлесіп, 2005 жылға дейін Оңтүстік Торғай иініндегі жанама және табиғи газдарды кешенді пайдаланудың тұжырымдамасын қажетті техникалық-экономикалық есептеулерімен 1996 жылдың 1 маусымына дейін дайындасын.

2. Қазақстан Республикасының Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігі Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігінің қатысуымен 1997-1998 жылдары тұжырымдаманы жүзеге асыру шеңберінде Құмкөл газ өңдеу кешенінің құрамына қуаты 150 млн. текше метр жанама газдарды өңдеу жөнінде қондырғының және қуаты 12-16 мың кВт. блокты газтурбиналы электр станциясының пайдалануға берілуін қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының мұнай және газ өнеркәсібі министрлігі Құмкөл мұнайгаз кенішін игеруді жеделдету және бұл аймақтағы газ өңдейтін кешендерден сұйытылған газдарды әкету мақсатында қатқыл табанды Қызылорда-Құмкөл автомобиль жолын салуды және қаржыландыруды 1998 жылы аяқтау үшін Оңтүстік Торғай иініндегі кеніштерді игеруге қатысушылардың барлығының қаржысы үлестік негізде тартылсын.

4. Қазақстан Республикасының Геология және жер қойнауын қорғау министрлігі: Оңтүстік Торғай иініндегі мұнайгаз кеніштерінде іздеу-барлау жұмыстары бағдарламасын жүзеге асыруды жеделдетсін;

жаңа болашақты құрылымдардағы геологиялық-барлау және Оңтүстік Торғай иініндегі қолда бар мұнай-газ кеніштерін одан әрі барлау жұмыстарының қаржыландырылуын қамтамасыз ету үшін "Южнефтегаз" МАҚ-на минералдық-шикізат базасының ұдайы өндірісінің шығындарын өтеуге арналған қаржының бүкіл сомасы тікелей жасалатын шарттар бойынша осы мақсатқа жұмсалсын.

5. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі, мемлекеттік Экспорт-импорт банкі, Қазақстан Республикасы қаржы министрлігінің жанындағы шетел капиталын пайдалану жөніндегі комитеті осы қаулының 2-тармағында аталған

энергия үнемдейтін жобаларды жүзеге асыру үшін инвестицияларды тарту жөнінде мәселені қарастырсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК